

ОҚУ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІН ӨНДЕУ БАРЫСЫНДА PHP БАҒДАРЛАМАЛАУ ТІЛІНІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Алибиев Д.Б., Джумасаев Е.К.

Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті. Қарағанды, Қазақстан

E-mail: ergali29@mail.ru

Қазіргі таңда кез келген ұйымда желілік ақпараттық технологияларды қолдану өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Ақпараттық жүйе мүмкіндігінсіз қаржыны, бизнес үрдісті, қызметкерлерді, бөлімдерді басқару мүмкін емес.

Қоғамның қазіргі кездегі дамуының басты белгісі – бұл өндірістің, тұтырудың және адам әрекетінің барлық салаларында ақпарат жинаудың артуы болып табылады. Ақпарат құндылығы мен ақпараттық қызмет көрсетудің салмағы қазіргі қоғам өмірінде жедел түрде өсуде. Бұл ақпараттандыру процессі кезінде материалдық құндылығы болмаса да басты роль деуге негіз береді.

Қазіргі таңда ақпарат көп болған сайын біз келесідей проблемаларға жолығамыз:

- ақпараттың жинақталуы;
- ақпаратты сақтау;
- ақпаратты қолдану;
- ақпаратты реттеу.
- компьютерлік технологиялар мен телекоммуникациялардың дамуына мемлекеттік қолдау;
- бағдарламалық қамтамасыздандырудың өңделуі мен кең таралуы [1].

Қоғамның осы өзгерістеріне байланысты ақпараттық технология өзгере бастады.

Кез келген елдің кәсіпорны ақпараттық жүйесіз жұмысын жүргізе алмайды. Интернеттің пайда болғанын бастап, оларды әр түрлі ортада ұсыну мүмкіндігі пайда болды. Желілік ақпараттық жүйелерді қолдану ақпарат алмасуды жеңілдетеді. Соңғы бес жыл аралығында интернет дамуымен және адамдар қатынасының жаңа тәсілдерімен есте қалды. Осы құбылыстың алдыңғы қатарында World Wide Web болды (WWW). Күн сайын осы жаңа коммуникация ортасында жаңа сайт ашылып жатыр. Көп деңгейлі архитектурасы бар web-технологиялар қарапайым және тиімді ақпараттық жүйелердің дамуына негіз болды. Ақпараттық қосымшалардың конструкциясына мәліметтер қорының сервері (SQL, MySQL, SQLite, Oracle), динамикалық беттердің сервері (Apache, IIS), web-сервер жатады [2]. Web-технологиялардың мен клиент-сервер сәулетінәң интеграциясының арқасында ақпараттық жүйенің ендірілуі мен сүйемелденуі тиімді болып табылады. Қарқынды дамуымен қатар жаңа технологияларға үлкен сұраныс пайда болды. Соңғы жылдары компьютерлік техниканың жедел дамуына байланысты сайт құруға арналған бірнеше программалар шықты. Атап айтар болсақ: HTML тілі (Hyper Text Markup Language), PHP1-PHP5, Python, Java және т.б.

Қазіргі таңда танымал web программалау тілі ретінде PHP атауға болады. PHP ағылшын тілінің «PHP: Personal Home Page», «Жеке үй парақшасы» деген мағынаны білдіреді. Web-бағдарламаларын жасау үшін қолданылатын скриптік бағдарламалау тілі болып табылады. Қазіргі уақытта бұл бағдарламалау тілін көптеген хостинг-провайдерлер қолдайтын және динамикалық веб-сайттарды жасауда кеңінен қолданылатын бағдарламалық тілдер қатарынан орын алып отыр. Бұл тіл өзінің жеке тегін лицензиясымен таратылады. Web-бағдарламалау аймағында, оның бір тармағы серверлік бөлімінде, PHP – өзінің қарапайымдылығы, орындау жылдамдылығы, көп фунцианальдылығы, кроссплатформалығы және бастапқы кодының PHP лицензиясы бойынша таралуымен ең танымал тілдердің қатарына кіреді. Оқу ақпараттық жүйесін өңдеу барысында PHP бағдарламалау тілінің мүмкіндіктері тек қана MySQL ортасында ғана танылмай, басқа да орталарында жүйелендіру функцияларын қолдану болады. Осындай мүмкіндіктерді қолданыла отырып, оқу ақпараттық жүйесінің ортасын барлық талаптарға сәйкес жоғары деңгейде өңдеуге болады [3].

PHP мүмкіндіктері web-парақшаларын жазуға арналған ең күшті және үйренуге ең жеңіл скрипт тілі. Оны жазу үшін Notepad ++ редакторын қолданамыз.

Әдебиеттер тізімі

1. *Веллинг Л.* Разработка веб-приложений с помощью PHP и MySQL / Л. Томсон - СПб.: Основы, 2011г. – 847 стр.
2. *Дари К.* PHP и MySQL создание интернет-магазина / К. Дари, 2011г. – 630 стр.
3. *Зандстра М.* PHP объекты, шаблоны и методики программирования / Мэтт Зандстра - СПб.: Вильямс, 2011г. – 555 стр.